

ӘОЖ 327

FTAMP 11.25.15

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2025.62.4.007>

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

*Атаева Т.Т. ¹

*¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Білім қоғамын дамыту жолында әлемдік қауымдастықтың алдында жаңа сын-қатерлер пайда болып, олар білім беру саласында тұжырымдамалық, құрылымдық-ұйымдастырушылық және мазмұндық-процестік деңгейлерде ауқымды жаңғырту үдерістерін бастауға түрткі болды. Осындай жағдайда жаһандық еңбек нарығы өмірдің барлық салаларында инновациялық даму қабілеті бар адами капиталдың сапалы даярлығын талап етеді. Бұл тұрғыда жоғары білім беру жүйесіндегі реформаларды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету ерекше маңызға ие, себебі ол жаңғырту үдерістерінің бағытын, қарқынын және тұрақтылығын айқындайды. Орталық Азия елдері контекстінде бұл аспект ұлттық білім беру стандарттарын халықаралық талаптармен үйлестіруге, сонымен қатар мәдени-тарихи дәстүрлерді сақтауға және дамытуға деген ұмтылыстан көрініс табады. Қазақстан мен Өзбекстандағы жоғары білім беруді дамытудағы нормативтік-құқықтық негіздердің салыстырмалы талдауы жаңғырту, интернационалдандыру және білім сапасын қамтамасыз ету тәсілдеріндегі ортақ үрдістер мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тәжірибені зерделеу жүргізіліп жатқан реформалардың тиімділік факторларын және өзара байыту мүмкіндіктерін айқындау тұрғысынан ғылыми әрі тәжірибелік маңызға ие. Мақаланың мақсаты – ХХІ ғасырдың басындағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасындағы жоғары білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық негіздерін ашып көрсету, сондай-ақ бұл елдердегі жоғары білім беруді модернизациялау, интернационалдандыру және білім сапасын қамтамасыз ету бағыттарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау.

Тірек сөздер: Қазақстан, Өзбекстан, білім жүйесі, модернизациялау, реформалар, интернационалдандыру, бағдарламалар, нормативті-құқықтық негіз

Кіріспе

Посткеңестік республикалардың даму үдерістерін зерттеген шетелдік ғалымдардың көзқарастарымен үндесе отырып, 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан мен Өзбекстан саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан күрделі өзгерістер кезеңінен өткенін атап өткен жөн. Білім беру саласында бұл ұлттық жоғары білім жүйелерін қазіргі заман

талаптарына және халықаралық стандарттарға бейімдеуге бағытталған ауқымды реформалар жүргізілуінен көрініс тапты [1].

Екі мемлекетте де халықаралық бенчмаркингке – шетелдік, әсіресе еуропалық озық тәжірибені зерделеуге және енгізуге айрықша назар аударылады. Сонымен қатар, ұлттық дәстүрлер мен білім беру жүйесінің бірегейлігін сақтау мен дамытуға ұмтылыс байқалады [2].

Бұл үдерістерде ЮНЕСКО, Дүниежүзілік банк, USAID, «Ашық қоғам» қорлары (Дж. Сорос қорлары), Британ кеңесі, TEMPUS және басқа да халықаралық ұйымдар маңызды рөл атқарды. Осы ұйымдардың бағдарламаларының арқасында Қазақстан мен Өзбекстан үкіметтері білім сапасын арттыруға, академиялық ұтқырлықты қамтамасыз етуге және әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуге бағытталған бірқатар жаңа нормативтік-құқықтық актілерді қабылдады.

XXI ғасырда Қазақстан мен Өзбекстандағы жоғары білім берудің дамуын айқындайтын нормативтік-құқықтық актілердің ішінде білім беру саясатының басымдықтарын және саланы жаңғыртудың негізгі бағыттарын айқын көрсететін стратегиялық сипаттағы құжаттар ерекше назар аударады.

Қазақстанда негізгі құжаттар қатарына 2010–2020 жылдарға арналған Білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасы, «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы, сондай-ақ халықаралық қатысу негізінде іске асырылған инновациялық университет үлгісі ретіндегі «Назарбаев Университеті» жобасы жатады. Нормативтік-құқықтық базаның дамуына айтарлықтай әсер еткен «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңы академиялық дербестік қағидаттарын, кадрларды даярлаудың көпдеңгейлі құрылымын және Болон үдерісіне кірігу тетіктерін бекітті [3].

Өзбекстанда жоғары білім беру саласындағы реформалардың негізін Кадрлар даярлау ұлттық бағдарламасы мен «Умид» Президенттік бағдарламасы құрайды. Бұл бағдарламалар адами капиталды дамытуға және түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Сондай-ақ «Білім туралы» Өзбекстан Республикасының заңы және 2030 жылға дейінгі жоғары білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы маңызды мәнге ие болды. Бұл құжаттар білім беру үдерісін жаңғырту, интернационалдандыру және цифрландырудың басым бағыттарын айқындады [4,5].

Осылайша, XXI ғасырдың басында Қазақстан мен Өзбекстанда жоғары білім беру сапасын арттыруға, академиялық ұтқырлықты дамытуға және ұлттық ерекшеліктер мен білім беру дәстүрлерін сақтай отырып, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуге бағытталған тұтас нормативтік-құқықтық жүйе қалыптасты.

Материалдар мен әдістер сипаттамасы

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін талдау және салыстырудың жалпы ғылыми әдістері қолданылды, бұл зерттеудің негізгі бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді. Текстологиялық талдау негізінде жоғары білім беру саласын реттейтін Қазақстан мен Өзбекстанның нормативтік-құқықтық

актілері, сондай-ақ осы мәселеге арналған ғылыми және талдамалық еңбектер қарастырылды. Жалпылау әдісін қолдану алынған деректерді жүйелеуге, қорытындылар жасауға және әрі қарайғы зерттеулердің перспективаларын анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелері

Орталық Азияның кейбір елдерінің заңнамалық актілерінде заманауи және прогрессивті нормалар қамтылған. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007 ж.) мен Өзбекстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2020 ж.) халықаралық құқықтың ұлттық заңнамадан басымдығын нақты бекітеді. Яғни, егер республикалардың халықаралық шарттарында ұлттық заңнамада көзделген нормалардан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

Бұл қағида Қазақстан мен Өзбекстанның білім беру жүйелерін халықаралық құқықтық кеңістікке кіріктіруге және әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестендіруге деген ұмтылысын айқын көрсетеді. Ол сондай-ақ екі елдің білім беру саласындағы ынтымақтастығын кеңейтуге, академиялық ұтқырлық пен өзара мойындауды арттыруға құқықтық негіз қалайды.

Өзбекстан Республикасының 2030 жылға дейінгі жоғары білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы (2019 ж.) айтарлықтай ауқымды және өршіл мақсаттарды көздейді. Атап айтқанда, ол жоғары білікті кадрларды даярлау сапасын арттыруды, елдің еңбек нарығының талаптарына сай адами капиталды дамытуды, сондай-ақ мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Тұжырымдамада жоғары біліммен қамтуды арттыру үшін қажетті жағдайлар жасау көзделген - яғни, 2019 жылғы 20%-дан 2030 жылы 50%-ға дейін көтеру. Сонымен қатар, халықаралық стандарттарға негізделген, жоғары білікті, креативті және жүйелі ойлайтын, өз интеллектуалдық қабілеттерін жүзеге асырып, өз бетінше шешім қабылдай алатын кадрларды даярлау міндеті қойылған.

Құжатта сонымен қатар рухани дамыған тұлғаларды қалыптастыру, сау бәсекелестік орта құру, және жоғары білім беру саласының халықаралық деңгейдегі тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсаттары да айқындалған [6].

Мәтіндік талдау дереккөздері көрсеткендей, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы Орталық Азия елдеріндегі білім беру реформаларының негізгі бағыттары децентрализация және жекешелендіру болды.

Бұл үрдіс әсіресе Қазақстанға тән еді: 2000 жылдың басында елде 170 жоғары оқу орны жұмыс істеп тұрған, оның ішінде 146 – жекеменшік, ал тек 24 – мемлекеттік болған. Мұндай жағдай білім беру саласында нарықтық қатынастардың дамуына және жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық тұрғыдан дербестік алуына мүмкіндік берді. Сонымен бірге,

қазақстандық жоғары білім жүйесі халықаралық стандарттарға жақындау бағытын ұстанып, аккредитация мен сапаны бағалау механизмдерін дамыта бастады.

Өзбекстанда жоғары білім беру саласында мемлекет ұзақ уақыт бойы басты рөл атқарып келді. Тек 2004 жылы елде мемлекеттік емес меншік түріндегі оқу орындарының қызмет етуіне мүмкіндік берген нормативтік актілеренгізілді [7]. Кейіннен бұл шаралар жоғары білімді әртараптандыруға, оқу бағдарламаларының сапасын арттыруға және академиялық еркіндікті кеңейтуге ықпал етті. Алайда, мемлекеттік бақылау элементтері әлі де сақталып келеді, бұл саладағы реформалардың біртіндеп жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді.

Осылайша, Қазақстан мен Өзбекстан мысалында аймақ елдерінде білім беру жүйесін жаңғырту мен либералдандыру бағытындағы реформалардың түрлі қарқынмен жүргізілгенін байқауға болады: Қазақстан бұл үдеріске ертерек кіріссе, Өзбекстанда өзгерістер кейінірек басталып, қазіргі таңда жүйелі сипат алууда.

Айта кету керек, аймақта жекеменшік оқу орындарымен қатар, халықаралық және трансұлттық жоғары оқу орындары да құрылды.

Өзбекстанда, 2019 жылғы деректер бойынша, 114 жоғары оқу орнының 21-і шетелдік университеттер немесе олардың филиалдары болған [8]. Бұл елдің жоғары білім беру жүйесін интернационализациялау және әлемдік білім кеңістігіне интеграциялану бағытындағы саясатын айқын көрсетеді. Шетелдік серіктестермен бірлескен жобалар жаңа білім беру стандарттарын енгізуге және академиялық сапаны арттыруға мүмкіндік берді.

Қазақстан да осы үрдістен тыс қалған жоқ. Ел аумағында халықаралық сипаттағы оқу орындары пайда болды, соның ең көрнектілерінің бірі - Орталық Азия Университеті (ОАУ). Ол 2000 жылы құрылған және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан үкіметтері мен Аға Ханның Даму Желі (AKDN) арасындағы ынтымақтастық нәтижесінде пайда болған. Бұл университет жекеменшік, тәуелсіз және өзін-өзі басқаратын оқу орны болып табылады. Оның мақсаты – аймақ елдерінде сапалы білім беру жүйесін дамытуға, адами капиталды нығайтуға және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге үлес қосу.

Жоғары білім беру саласындағы реформалардың маңызды бағыттарының бірі есеп берушілік пен ашықтық қағидаттарын енгізу болды. Бұл шаралар жоғары оқу орындарына түсу үдерісінде әділдікті қамтамасыз етуге және білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлықты азайтуға бағытталды.

Өзбекстан бұл жолда Орталық Азияда алғашқылардың бірі болды - мұнда мемлекеттік тестілеу орталығы ұйымдастырған ұлттық бірыңғай қабылдау емтиханы енгізілді. Емтихан тест түрінде, яғни көп нұсқалы сұрақтар форматында өткізілді. Бұл жүйе жоғары оқу орындарына қабылдауда объективтілікті қамтамасыз етуді көздеді.

Қазақстанда да бірыңғай стандартталған емтихан жүйесі енгізілді.

2004 жылы Біріңғай ұлттық тестілеу (ҰБТ) жүйесі қабылданып, мемлекеттік жоғары оқу орындарына түсу үшін міндетті талапқа айналды. Бұл тәжірибе елдегі білім беру сапасын бақылау және қабылдау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету құралы ретінде қарастырылды.

Сонымен қатар, білім сапасын реттеу тетіктері аймақта негізінен мемлекет бақылауында қалуда. Қазақстанда тәуелсіз аккредитация органдары құрылғанымен, аккредитация жөніндегі түпкілікті шешімдер Білім және ғылым министрлігі арқылы қабылданады. Заңнамалық деңгейде білім сапасын қамтамасыз ету үш кезеңнен тұрады: лицензиялау, аттестация және аккредитация.

- Лицензиялау оқу орнына қызмет етуге және мемлекеттік үлгідегі диплом беруге мүмкіндік береді;

- Аттестация оқу орнының мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін тексереді;

- Аккредитациядан өткен оқу орындары мемлекеттік қаржыландыру алуға құқылы.

Дегенмен, зерттеушілердің пікірінше, іс жүзінде көптеген жеке жоғары оқу орындары аккредитациядан өтпеген, бұл олардың білім беру сапасын бағалауды қиындатады.

Соңғы жылдары Қазақстанда мемлекеттік аккредитациядан кәсіби-қоғамдық және халықаралық аккредитацияға көшу үрдісі байқалды. Тіпті, мемлекет тек халықаралық аккредитациядан өткен жоғары оқу орындарына ғана мемлекеттік тапсырыс орналастыруды жоспарлаған [9].

Тағы бір маңызды бағыт - жоғары білімді қаржыландыруды әртараптандыру. Бұрын тек мемлекет қаржыландырған мемлекеттік жоғары оқу орындарына студенттерді ақылы негізде оқытуға рұқсат берілді.

Қазақстанда бұл үрдіскеңінентаралды-мемлекеттік университеттердегі ақылы негізде оқитын студенттердің үлесі жалпы контингенттің 70%-дан астамын құрайды.

Өзбекстанда да мемлекеттік жоғары оқу орындарына ақылы оқу орындарын ашуға рұқсат берілді, олардың саны мемлекеттік грант бойынша оқитын студенттер санымен тең. Сонымен қатар, студенттерге білім несиелері, гранттар, шәкіртақылар және демеушілік қолдау мүмкіндіктері қолжетімді болды.

Жоғары оқу орындарына жылжымайтын мүлікті жалға алу, білім беру қызметтерін ұсыну, халықаралық ұйымдар мен жеке компаниялардан қаржылық жарналар қабылдау құқығы берілді. Алайда зерттеушілер атап өткендей, қаржыландырудың жеткіліксіздігі әлі де білім сапасына, инфрақұрылымға және оқытушылар еңбегінің жағдайына әсер ететін маңызды мәселе болып отыр [10].

Білім беру реформаларының негізгі бағыттарының бірі - ұлттық және халықаралық білім беру стандарттарын үйлестіру болды. Бұл тұрғыда Болон үдерісі Қазақстан мен Өзбекстан үшін маңызды бағдарға айналды.

Болон декларациясының басты қағидаларына мыналар кіреді:

- білім берудің екі деңгейлі жүйесі (бакалавриат және магистратура);
- салыстырмалы дәрежелер жүйесін енгізу;
- ECTS (Еуропалық кредиттік жүйе) арқылы білім нәтижелерін өлшеудің бірыңғай тетігі;
- студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильдігін дамыту;
- сапаны бағалау критерийлері мен әдістемелерін үйлестіру;
- бірлескен оқу бағдарламалары мен ғылыми жобаларды жүзеге асыру.

Бұл шаралар жоғары оқу орындарының халықаралық мойындалуын қамтамасыз етуге және түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Қазақстан - Орталық Азиядағы Болон декларациясына қол қойған алғашқы және әзірге жалғыз мемлекет (2010 ж.). Бұл қадам елдің жоғары білім беру жүйесін еуропалық стандарттарға жақындатуға, академиялық ұтқырлықты дамытуға және халықаралық аккредитацияға бейімдеуге мүмкіндік берді.

Өзбекстан да соңғы жылдары Болон қағидаттарына кезең-кезеңімен бейімделіп келеді. Елде екі деңгейлі білім беру жүйесі енгізілді, кредиттік-модульдік оқыту моделі қабылданды және академиялық ұтқырлық бағдарламалары белсенді дамуда. Сонымен қатар, жоғары білім беру сапасын арттыру және халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында академиялық еркіндік пен институционалдық автономияны кеңейту бойынша заңнамалық реформалар жүргізілді [11].

Талқылау

Осылайша, Қазақстан мен Өзбекстан жоғары білім беруді интернационалдандыру мен Болон қағидаттарын енгізуде аймақтағы ең белсенді және нәтижелі мемлекеттер қатарында.

Екі деңгейлі білім беру моделі (бакалавриат – магистратура) бойынша айтатын болсақ, бұл бағытта Қазақстан мен Өзбекстан ерекше назар аударуға тұрарлық мысал болып табылады.

Қазақстанда екі деңгейлі жоғары білім беру моделі ресми түрде Болон үдерісіне қосылғаннан кейін (2010 ж.) заңнамалық және институционалдық деңгейде бекітілді. Елде бакалавриат пен магистратура бағдарламалары дәстүрлі мамандық дайындау жүйесімен қатар біраз уақыт бойы қатар жұмыс істеді. Кейіннен, «Білім туралы» Заңның (2007 ж.) және одан кейінгі реформалардың негізінде жоғары білім берудің негізгі құрылымы ретінде үш сатылы жүйе (бакалавриат – магистратура – докторантура PhD) толық енгізілді. Бұл модель еңбек нарығының сұранысына бейімделген, икемді және халықаралық стандарттарға сай кадр даярлауға бағытталған.

Өзбекстанда да соңғы жылдары екі деңгейлі жоғары білім беру жүйесі кезең-кезеңімен енгізілуде. 2017 жылдан бастап жоғары оқу орындарында бакалавриат және магистратура бағдарламалары ресми түрде іске қосылды. Бұл өзгерістер «Білім туралы» Заңмен (2020 ж.) және Жоғары білімді дамыту тұжырымдамасымен (2030 жылға дейін) бекітілген. Өзбекстан үкіметі бұл

жүйе арқылы академиялық құрылымды жаңарту, оқу бағдарламаларын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру және түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатын көздеп отыр.

Орталық Азия елдерінде жаңа білім беру моделі әдетте төрт жылдық бакалавриат және екі жылдық магистратура форматында жүзеге асырылады. Кейбір жоғары оқу орындарында бакалавриат бағдарламасы үш жылға есептелген болса, басқа оқу орындарында студенттер төрт немесе бес жылдық кеңестік үлгідегі мамандықты аяқтағаннан кейін бір жылдық магистратура бағдарламасына түсе алады.

Өзбекстанда жоғары білімнің екі сатылы жүйесі (бакалавриат және магистратура) халықаралық білім беру стандарттарына сәйкес заңнамалық деңгейде бекітілген. Атап айтқанда, бакалавриат - бұл жоғары білімнің негізгі кезеңі ретінде қарастырылып, белгілі бір бағыт бойынша тереңдетілген білім, іскерлік және дағдылар беруді көздейді. Ал магистратура - тиісті бакалавриат базасында жүзеге асырылатын, оқу мерзімі кемінде бір жыл болатын кәсіби білім беру бағдарламасы ретінде анықталған (11-бап, 2020 жылғы «Білім туралы» Заң).

Қазақстан мен Өзбекстанда ECTS кредиттік жүйесі мен еуропалық үлгідегі дипломға қосымшаны енгізу алдында өздерінің ұлттық білім беру кредиттік жүйелері әзірленген болатын.

Қазақстанда кредиттік оқыту жүйесі 2000-жылдардың басынан бастап кезең-кезеңімен енгізілді және 2011 жылдан бастап толық көлемде іске асырылды. Бұл жүйе студенттердің оқу жетістіктерін өлшеуде икемділік беріп, академиялық мобильділікті дамытуға жол ашты. Сонымен қатар, Қазақстанда академиялық ұтқырлықты арттыру мақсатында бірнеше мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып келеді. Солардың ішіндегі ең белгілісі - «Болашақ» халықаралық стипендиялық бағдарламасы, оның аясында жыл сайын шамамен үш мың жас маман шетелдің жетекші жоғары оқу орындарында білім алады. Бұл бағдарлама елдің кадрлық әлеуетін нығайтуға және халықаралық білім кеңістігіне интеграциялануға бағытталған.

Өзбекстанда да соңғы жылдары кредиттік-модульдік оқыту жүйесі белсенді түрде енгізілуде. 2020 жылдан бастап барлық жоғары оқу орындары халықаралық ECTS стандарттарына бейімделген кредиттік жүйеге көше бастады. Бұл жүйе студенттер мен оқытушылардың академиялық еркіндігін кеңейтіп, оқу нәтижелерін халықаралық деңгейде салыстыру мен мойындауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Өзбекстан жоғары оқу орындары да академиялық ұтқырлық және бірлескен білім беру бағдарламаларын дамытуға ерекше көңіл бөлуде.

Соңғы жылдары Орталық Азия елдерінің жоғары білім беру жүйесіндегі реформалық өзгерістердің бағыттарының бірі - қашықтан оқыту технологияларын және оның заманауи түрі – ашық электрондық оқытуды енгізу болды. Бұл үрдіс ашық әлемдік білім беру ресурстарын (EdX, Coursera) белсенді пайдалана отырып, виртуалды білім беру ортасын

кеңейтуде; өздерінің ашық білім беру бағдарламалары мен модульдерін, тіпті білім беру порталдарын әзірлеу мен енгізуде; электрондық оқыту элементтерін кеңінен қолдануда айқын көрініс табуда.

Сонымен қатар, зерттеушілердің пікірінше, Орталық Азияның кейбір елдерінде жинақталған әлеует білім беру қызметін виртуализациялауды институционализациялауға мүмкіндік береді [12].

Білім беру жүйесін интернационалдандырудың жақсы ойластырылған және тиімді жүзеге асырылған стратегиясы тек қана Қазақстан түлектерінің жаһандық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға емес, сонымен қатар ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға да ықпал етеді. Қазіргі таңда көптеген елдер өз азаматтарының шетелде білім алуын қолдайтын бағдарламаларға қомақты инвестициялар салуда. Мысалы, Қазақстанның дамуындағы бастапқы кезеңде интернационалдандыру үдерісі «Болашақ» халықаралық стипендиялық бағдарламасын құру арқылы жүзеге асырылды. Мұндай мемлекеттік бастамалардың мақсаты - халықаралық деңгейдегі құзыреттерге ие жоғары білікті мамандарды даярлау болып табылады. Мемлекеттік қолдау, негізінен, ел дамуының басым бағыттарына бағытталып, магистратура, докторантура және ғылыми тағылымдамаларды қамтиды. Осылайша, халықаралық, білім беру және экономикалық салаларды өзара байланыстыратын интернационалдандыру кез келген мемлекеттің дамуының маңызды стратегиялық бағыты болып табылады [13].

Қазақстанның жоғары білім беру саласындағы мақсаттарды жүзеге асыру үшін оның ұйымдастырылу мен заңнамалық-құқықтық жүйеленуі маңызды. Ол Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің әлемдік бәсекелестікте жұмсақ күш саясатын жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Сондықтан Қазақстан Республикасы осы білім беру саласындағы бәсекелестікте әлем елдерімен қатар дамуға әрекет етуде бірнеше халықаралық құжаттармен жұмыс істеуде. Оның алғашқысы Болон декларациясы. Жоғары білім біліктілігінің стандарттары мен сапасын қамтамасыз етуге бағытталған келісім. Бұл процеске 49 елден 46 қатысушы мемлекет кіреді [14].

Қазақстанның сыртқы саясат тұжырымдамасында және елдің басқа да стратегиялық құжаттарында білім беруді жаңғыртуға және әлемдік білім беру тәжірибесін тартуға баса назар аударылады. Академиялық ұтқырлық «Болашақ» сияқты бағдарламалар арқылы белсенді түрде қолдау табуда. Өзбекстанда саяси саладағы өзгерістерден кейін ел білім беру жүйесін жаңғырту бойынша күш-жігерін күшейтіп, халықаралық серіктестер мен университеттермен ынтымақтастық орнатты. Академиялық ұтқырлық бағдарламалары да қосымша даму алды [15].

Қорытынды

Орталық Азия елдерінің білім беру әлеуетінің біркелкі еместігі олардың нормативтік-құқықтық базасында да өз көрінісін тапты. ХХІ ғасырдың басында Орталық Азия елдерінің жоғары білім беру саласындағы

реформалық өзгерістердің негізгі бағыттары - децентрализация мен жекешелендіру, есеп берушілік пен ашықтық шараларын енгізу, қаржыландыруды әртараптандыру, ұлттық және халықаралық білім беру жүйелерін үйлестіру болғаны анықталды.

Қазақстан халықаралық тәжірибеге барынша ашық бағыт ұстанып, білім беру саласын, соның ішінде жоғары білімді жаңғыртуда алдыңғы қатарда болды. Қазақстанда бұл бағыт стратегиялық құжаттарда, «Білім туралы» заңда және «Болон процесі» шеңберіндегі интеграциялық қадамдарда нақты көрініс тапты. Елдің білім беру саясаты әлемдік, ең алдымен еуропалық білім кеңістігіне енуге бағытталды.

Өзбекстан болса, реформаларды біршама байыппен және кезең-кезеңімен жүзеге асырып келеді. Соңғы жылдары бұл елде жоғары білім беруді интернационалдандыруға, академиялық ұтқырлықты дамытуға және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа білім беру бағдарламаларын енгізуге бағытталған бірқатар заңнамалық және институционалдық шаралар қабылданды. Бұл Өзбекстанның да біртіндеп аймақтық және жаһандық білім беру үрдістеріне қосылып келе жатқанын көрсетеді.

Қорытындылай келе, Қазақстан мен Өзбекстанның жоғары білім жүйелері халықаралық стандарттармен үйлесімді дамып келеді, бұл олардың әлеуметтік-экономикалық жаңғыруының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Болашақта зерттеу бағыты Орталық Азия елдеріндегі жоғары білім берудің көпқырлы дамуын терең талдауға арналуы қажет. Атап айтқанда, бұл мәселені ұйымдастырушылық, мазмұндық, және үдерістік деңгейлерде зерттеу маңызды. Сонымен қатар, Қазақстан мен Өзбекстанның жоғары білім беру жүйелерін интернационалдандыру тәжірибесін салыстырмалы түрде талдау аймақтық білім беру интеграциясының тиімді модельдерін айқындауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Education in Central Asia. A Kaleidoscope of Challenges and Opportunities / ed. D. Egea. – Cham: Springer, 2020. – 312 p.

[2] Anichkin E., Kovalenko K. Modernization of Higher Education in Central Asian Countries: Trends, Problems and Solutions // Journal of History Culture and Art Research. – 2018. – Vol. 7, № 3. – P. 51–59.

[3] Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – 2007. – https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30118747#pos=80;44

[4] Өзбекстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – 2020. – <https://lex.uz/ru/docs/5013009>

[5] Өзбекстан Республикасы Президентінің «Өзбекстан Республикасында жоғары білім беру жүйесін 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы. – 2019. – <https://lex.uz/ru/docs/4545887>

[6] Өзбекстан Республикасы Президентінің «Өзбекстан Республикасында жоғары білім беру жүйесін 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы. – 2019. – <https://lex.uz/ru/docs/4545887>

[7] Powell Sh. Developments in Central Asian Higher Education // World

Education News & Reviews (WENR). – 2007. – June 1. – URL: <https://wenr.wes.org/2007/06/wenr-june-2007-feature>

[8] Өзбекстан Республикасы Президентінің «Өзбекстан Республикасында жоғары білім беру жүйесін 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы. – 2019. – <https://lex.uz/ru/docs/4545887>

[9] Anichkin E., Kovalenko K. Modernization of Higher Education in Central Asian Countries: Trends, Problems and Solutions // Journal of History Culture and Art Research. – 2018. – Vol. 7, № 3. – P. 51–59.

[10] Powell Sh. Developments in Central Asian Higher Education // World Education News & Reviews (WENR). – 2007. – June 1. – <https://wenr.wes.org/2007/06/wenr-june-2007-feature>

[11] Anichkin E., Kovalenko K. Modernization of Higher Education in Central Asian Countries: Trends, Problems and Solutions // Journal of History Culture and Art Research. – 2018. – Vol. 7, № 3. – P. 51–59.

[12] Anichkin E., Kovalenko K. Modernization of Higher Education in Central Asian Countries: Trends, Problems and Solutions // Journal of History Culture and Art Research. – 2018. – Vol. 7, № 3. – P. 51–59.

[13] Kozhabekova D., Avcu S. Интернационализация как инструмент совершенствования системы высшего образования в Казахстане // Известия. Серия: Международные отношения и регионоведение. – 2023. – Т. 54, № 4. – DOI: 10.48371/ISMO.2023.54.4.002.

[14] Дюсембекова М., Жанпейсова Қ., Исаев Н. Высшее образование как инструмент мягкой силы: пример Казахстана // Вестник Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева. Серия: Политические науки. Регионоведение. Востоковедение. Тюркология. – 2024. – № 149 (4). – С. 109–122. – DOI: 10.32523/2616-6887-2024-149-4-109-122.

[15] Жакьянова А., Мямешева Г. Образовательная политика в Центрально-Азиатском регионе: новый курс развития // Известия. Серия: Международные отношения и регионоведение. – 2024. – Т. 56, № 2. – DOI: 10.48371/ISMO.2024.56.2.009.

REFERENCES

[1] Egea D. (ed.). Education in Central Asia. A Kaleidoscope of Challenges and Opportunities. Cham: Springer, 2020.

[2] Anichkin E., Kovalenko K. Modernization of Higher Education in Central Asian Countries: Trends, Problems and Solutions. Journal of History Culture and Art Research, 2018, Vol. 7, No. 3, pp. 51–59.

[3] Закон Respubliki Kazakhstan «Ob obrazovanii» [Law of the Republic of Kazakhstan “On Education”]. 2007. https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30118747#pos=80;-44 [in Russ.].

[4] Закон Respubliki Uzbekistan «Ob obrazovanii» [Law of the Republic of Uzbekistan “On Education”]. 2020. <https://lex.uz/ru/docs/5013009> [in Russ.].

[5] Ukaz Prezidenta Respubliki Uzbekistan «Ob utverzhdenii Kontseptsii razvitiya sistemy vysshego obrazovaniya Respubliki Uzbekistan do 2030 goda»

[Decree of the President of the Republic of Uzbekistan “On Approval of the Concept for the Development of the Higher Education System of the Republic of Uzbekistan until 2030”]. 2019. <https://lex.uz/ru/docs/4545887> [in Russ.].

[6] Ukaz Prezidenta Respubliki Uzbekistan «Ob utverzhdenii Kontseptsii razvitiya sistemy vysshego obrazovaniya Respubliki Uzbekistan do 2030 goda» [Decree of the President of the Republic of Uzbekistan “On Approval of the Concept for the Development of the Higher Education System of the Republic of Uzbekistan until 2030”]. 2019. <https://lex.uz/ru/docs/4545887> [in Russ.].

[7] Powell Sh. Developments in Central Asian Higher Education. World Education News & Reviews (WENR), June 1, 2007. <https://wenr.wes.org/2007/06/wenr-june-2007-feature>.

[8] Ukaz Prezidenta Respubliki Uzbekistan «Ob utverzhdenii Kontseptsii razvitiya sistemy vysshego obrazovaniya Respubliki Uzbekistan do 2030 goda» [Decree of the President of the Republic of Uzbekistan “On Approval of the Concept for the Development of the Higher Education System of the Republic of Uzbekistan until 2030”]. 2019. <https://lex.uz/ru/docs/4545887> [in Russ.].

[9] Anichkin E., Kovalenko K. Modernization of Higher Education in Central Asian Countries: Trends, Problems and Solutions. Journal of History Culture and Art Research, 2018, Vol. 7, No. 3, pp. 51–59.

[10] Powell Sh. Developments in Central Asian Higher Education. World Education News & Reviews (WENR), June 1, 2007. <https://wenr.wes.org/2007/06/wenr-june-2007-feature>

[11] Anichkin E., Kovalenko K. Modernization of Higher Education in Central Asian Countries: Trends, Problems and Solutions. Journal of History Culture and Art Research, 2018, Vol. 7, No. 3, pp. 51–59.

[12] Anichkin E., Kovalenko K. Modernization of Higher Education in Central Asian Countries: Trends, Problems and Solutions. Journal of History Culture and Art Research, 2018, Vol. 7, No. 3, pp. 51–59.

[13] Kozhabekova D., Avcu S. Internatsionalizatsiya kak instrument sovershenstvovaniya sistemy vysshego obrazovaniya v Kazakhstane [Internationalization as a Tool for Improving the Higher Education System in Kazakhstan]. Izvestiya. Seriya: Mezhdunarodnye otnosheniya i regionovedenie, 2023, Vol. 54, No. 4. DOI: 10.48371/ISMO.2023.54.4.002 [in Russ.].

[14] Dyusembekova M., Zhanpeisova K., Isaev N. Vysshee obrazovanie kak instrument myagkoy sily: primer Kazakhstana [Higher Education as an Instrument of Soft Power: The Case of Kazakhstan]. Vestnik Evraziyskogo natsional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya: Politicheskie nauki. Regionovedenie. Vostokovedenie. Tyurkologiya, 2024, No. 149 (4), pp. 109–122. DOI: 10.32523/2616-6887-2024-149-4-109-122 [in Russ.].

[15] Zhak'yanova A., Myamesheva G. Obrazovatel'naya politika v Tsentral'no-Aziatskom regione: novyy kurs razvitiya [Educational Policy in the Central Asian Region: A New Development Course]. Izvestiya. Seriya: Mezhdunarodnye otnosheniya i regionovedenie, 2024, Vol. 56, No. 2. DOI: 10.48371/ISMO.2024.56.2.009 [in Russ.].

НОРМАТИВНО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ МОДЕРНИЗАЦИИ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ И УЗБЕКИСТАНЕ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

*Атаева Т.Т.¹

*¹ Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

Аннотация. На пути развития общества знаний мировое сообщество сталкивается с новыми вызовами, которые побуждают к началу масштабных процессов модернизации системы образования на концептуальном, структурно-организационном и содержательно-процессуальном уровнях. В этих условиях глобальный рынок труда требует качественной подготовки человеческого капитала, способного к инновационному развитию во всех сферах жизни. В этом контексте нормативно-правовое обеспечение реформ в системе высшего образования приобретает особую значимость, так как именно оно определяет направление, темпы и устойчивость модернизационных процессов. В контексте стран Центральной Азии данный аспект проявляется в стремлении согласовать национальные образовательные стандарты с международными требованиями, сохранив при этом культурно-исторические традиции. Сравнительный анализ нормативно-правовых основ развития высшего образования в Казахстане и Узбекистане позволяет выявить общие тенденции и различия в подходах к модернизации, интернационализации и обеспечению качества образования. Изучение данного опыта имеет научное и практическое значение с точки зрения определения факторов эффективности проводимых реформ и возможностей взаимного обогащения. Цель статьи – раскрыть нормативно-правовые основы системы высшего образования в Республике Казахстан и Республике Узбекистан в начале XXI века, а также выявить сходства и различия в направлениях модернизации, интернационализации и обеспечения качества высшего образования в этих странах.

Ключевые слова: Казахстан, Узбекистан, система образования, модернизация, реформы, интернационализация, программы, нормативно-правовые аспекты

REGULATORY AND LEGAL FOUNDATIONS OF HIGHER EDUCATION MODERNIZATION IN KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN: A COMPARATIVE ANALYSIS

*Atayeva T.T.¹

*¹ L.N. Gumilyev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Abstract. In the process of developing a knowledge society, the global community faces new challenges that have triggered large-scale modernization processes in education at conceptual, structural-organizational, and content-procedural levels. Under these circumstances, the global labor market demands

high-quality training of human capital capable of innovative development across all areas of life. In this regard, the regulatory and legal framework for reforms in higher education plays a crucial role, as it determines the direction, pace, and sustainability of modernization processes. In the context of Central Asian countries, this aspect reflects the aspiration to harmonize national educational standards with international requirements while preserving and promoting cultural and historical traditions. A comparative analysis of the regulatory and legal foundations for higher education development in Kazakhstan and Uzbekistan makes it possible to identify common trends and differences in approaches to modernization, internationalization, and quality assurance in education. Studying this experience has both scientific and practical significance for understanding the factors contributing to reform effectiveness and the potential for mutual enrichment. The purpose of the article is to reveal the regulatory and legal foundations of the higher education systems in the Republic of Kazakhstan and the Republic of Uzbekistan at the beginning of the 21st century, as well as to identify similarities and differences in the directions of modernization, internationalization, and quality assurance of higher education in these countries.

Key words: Kazakhstan, Uzbekistan, education system, modernization, reforms, internationalization, programs, regulatory and legal aspects

Received: October 30, 2025

Accepted: December 22, 2025

Информация об авторе:

Атаева Тоғжан Тасболатқызы - аймақтану кафедрасының 3 курс докторанты, Халықаралық қатынастар факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: jan_92.17@mail.ru

Автор туралы мәлімет:

Атаева Тоғжан Тасболатқызы – докторант 3 курса кафедры регионоведения факультета международных отношений Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан, e-mail: jan_92.17@mail.ru

Information about the author:

Ataeva Togzhan Tasbolatkyzy - 3-year doctoral student of the Department of Regional Studies, Faculty of International Relations, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: jan_92.17@mail.ru